

""Б" корпусындағы қалалық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың, ауылдық округ әкімі аппараттарының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері мен Арыс қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" Арыс қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 20 мамырдағы № 282 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 22 қаулысы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабының 8-тармағына және «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1 бабының 2-тармағына сәйкес Арыс қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Арыс қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 20 мамырдағы № 282 «"Б" корпусындағы қалалық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың, ауылдық округ әкімі аппараттарының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 3214 рет тіркелген, 2015 жылы 11 шілдеде «Арыс ақиқаты» газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімі аппаратының басшысы Р.Айтбаевқа жүктелсін.

Қала әкімі

С.Ертай